

Государственные нормативы в области архитектуры,
градостроительства и строительства
СБОРНИК ЦЕН НА ПРОЕКТНЫЕ РАБОТЫ

ҚҰРЫЛЫС ҮШІН ЖОБАЛАУ ЖҰМЫСТАРЫНА АРНАЛҒАН БАҒАЛАР ЖИНАҒЫ

5 – бөлім Көлік және байланыс кәсіпорындары

СБОРНИК ЦЕН НА ПРОЕКТНЫЕ РАБОТЫ ДЛЯ СТРОИТЕЛЬСТВА

Раздел 5 Предприятия транспорта и связи

ҚР ЖБЖ 8.03-01-2024
СЦП РК 8.03-01-2024

Ресми басылым
Издание официальное

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі
Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті

Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства
Министерства промышленности и строительства Республики Казахстан

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер
ЖОБАЛАУ ЖҰМЫСТАРЫНА АРНАЛҒАН БАҒАЛАР ЖИНАҒЫ

Государственные нормативы в области архитектуры, градостроительства и строительства
СБОРНИК ЦЕН НА ПРОЕКТНЫЕ РАБОТЫ

ҚҰРЫЛЫС ҮШІН ЖОБАЛАУ ЖҰМЫСТАРЫНА АРНАЛҒАН БАҒАЛАР ЖИНАҒЫ

5 – бөлім Көлік және байланыс кәсіпорындары

СБОРНИК ЦЕН НА ПРОЕКТНЫЕ РАБОТЫ ДЛЯ СТРОИТЕЛЬСТВА

Раздел 5 Предприятия транспорта и связи

ҚР ЖБЖ 8.03-01-2024
СЦП РК 8.03-01-2024

Ресми басылым
Издание официальное

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі
Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті

Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства
Министерства промышленности и строительства Республики Казахстан

Астана 2024

Алғы сөз

| | |
|---|---|
| 1 ӘЗІРЛЕГЕН | «ҚазҚСҒЗИ» АҚ |
| 2 ҰСЫНҒАН | Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі (ҚР ӨҚМ) Құрылыс және тұрғын үй коммуналдық шаруашылық (ТКШ) істері комитетінің Құрылыстағы сметалық нормалар басқармасы |
| 3 БЕКІТІЛГЕН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН МЕРЗІМІ | ҚР ӨҚМ Құрылыс және ТКШ істері комитетінің 01.11.2024 жылғы № 138-нқ бұйрығымен 01.01.2025 жылдан бастап |
| 4 ОРНЫНА ЕНГІЗІЛДІ | ҚР ӨҚМ Құрылыс және ТКШ істері комитетінің 06.11.2023 жылғы № 4-нқ бұйрығымен бекітілген ҚР ЖБЖ 8.03-01-2023 «Құрылыс үшін жобалау жұмыстарына арналған бағалар жинағы» |

Осы мемлекеттік нормативті ҚР сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі Уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара басуға, көбейтуге және таратуға болмайды.

Предисловие

| | |
|---------------------------------------|--|
| 1 РАЗРАБОТАН | АО «КазНИИСА» |
| 2 ПРЕДСТАВЛЕН | Управлением сметных норм в строительстве Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства (ЖКХ) Министерства промышленности и строительства Республики Казахстан (МПС РК) |
| 3 УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ | Приказом Комитета по делам строительства и ЖКХ МПС РК от 01.11.2024 года № 138-нқ с 01.01.2025 года |
| 4 ВВЕДЕН ВЗАМЕН | СЦП РК 8.03-01-2023 «Сборник цен на проектные работы для строительства», утвержденный приказом Комитета по делам строительства и ЖКХ МПС РК от 06.11.2023 года № 4-нқ |

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства РК.

Мазмұны

| | |
|--|-----------|
| 2-кіші бөлім Теңіз көлігі кәсіпорындары | 1 |
| 1-тарау Теңіз порттары объектілері | 5 |
| 1705-0201-01-кесте –Қайта тиеу және жолаушылар кешендері | 7 |
| 1705-0201-02-кесте –Теңіз вокзалдары және жолаушылар павильондары..... | 8 |
| 1705-0201-03-кесте –Айлақтық құрылыстар..... | 8 |
| 1705-0201-04 -кесте –Жүк қоймалары | 10 |
| 1705-0201-05-кесте –Көмекші-өндірістік және қосалқы мақсаттағы объектілер..... | 10 |
| 2-тарау Кеме жөндеу зауыттары..... | 12 |
| 1705-0202-02-кесте –Цехтардың жеке блоктары | 12 |
| 1705-0202-03-кесте –Кеме көтеру және айлақтық құрылыстар | 13 |
| 1705-0202-04-кесте –Өнеркәсіптік ағындарды ағынсыз тазарту құрылыстары, теңіз суын жинау құрылыстары..... | 14 |
| 3-тарау Теңіз порттары және кеме жөндеу зауыттарының жеке құрылыстары мен құрылғылары | 14 |
| 1705-0203-01-кесте –Молдар, толқын бұрғыштар, жағалау бекіту құрылыстары, тазартылған ағындарды шығарғыштар..... | 14 |
| 1705-0203-02-кесте –Қайта тиеу жабдығының тылдағы рельстік жолдары | 16 |
| 1705-0203-03 -кесте –Теңіз кірме арналары және акваториялардың түбін тереңдету | 16 |
| 1705-0203-04-кесте –Жармалы айырым белгілері..... | 16 |
| 1705-0203-05-кесте –Арнайы электртехникалық қондырғылар және құрылғылар . | 17 |
| 4-тарау Радиобайланыс және электрорационавигация объектілері..... | 18 |
| 1705-0204-01-кесте –Радиобайланыс және электронавигация объектілері | 19 |
| 5-тарау Өзге де кәсіпорындар | 21 |
| 1705-0205-01-кесте –Өзге де кәсіпорындар | 21 |
| 3-кіші бөлім Әуе көлігі ғимараттары мен құрылыстары | 22 |
| 1-тарау Әуе көлігі ғимараттары мен құрылыстары | 23 |
| 1705-0301-01-кесте –Әуежайлар | 23 |
| 1705-0301-02-кесте –Әуежайлардың жеке ғимараттары мен құрылыстары..... | 23 |
| 4-кіші бөлім Байланыс құрылыстары | 28 |
| 1-тарау Жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеуге арналған бағалар..... | 30 |
| 1705-0401-01-кесте –Қалалық телефон желілері | 30 |
| 1705-0401-02-кесте –Құжаттық электр байланысы | 34 |
| 1705-0401-03-кесте –Қалааралық телефон станциялары | 35 |
| 1705-0401-04-кесте –Кабельдік байланыс желісі | 36 |
| 1705-0401-05-кесте –Желілік тораптар, соңғы станциялар, кабельдік байланыс желілерінің күшейту пунктері | 38 |
| 1705-0401-06-кесте –Ауылдық телефон желілері..... | 39 |
| 1705-0401-07-кесте –Өткізгіштік хабар тарату желілері | 40 |
| 1705-0401-08-кесте –почта байланыс объектілері..... | 41 |
| 1705-0401-09-кесте –Радиорелелік байланыс желілері..... | 42 |
| 1705-0401-10-кесте –Тарату және қабылдау радиостанциялары | 43 |
| 1705-0401-11-кесте –Радиотелевизиялық тарату станциялары..... | 44 |
| 1705-0401-12-кесте –Спутниктік беріліс жүйелерінің жердегі станциялары | 45 |
| 1705-0401-13-кесте –Жылжымалы объектілермен телефон УҚТ радиобайланыс жүйесі..... | 45 |
| 1705-0401-14-кесте – Телеорталықтардың және радио үйінің аппараттық-студиялық кешендері..... | 46 |

| | |
|--|-----------|
| 1705-0401-15-кесте – Радиобайланыс, радио хабар тарату және телевидение объектілеріне арналған антенналар, фидерлік желілер, толқын жетекгі жолдары.. | 46 |
| 1705-0401-16-кесте – Радиобайланыс, радио хабар тарату және телевидение объектілеріне арналған болат тіректер | 47 |
| 1705-0401-17-кесте – Радиорелелік (РРЖ) байланыс желілерінің және спутниктік беріліс жүйелерінің жердегі станцияларының (СПБЖС) электромагниттік үйлесімділігі (ЭМУ) | 48 |
| 1705-0401-18-кесте – Радиобайланыс, радио хабар тарату және телевидение кәсіпорындарының жеке цехтары мен құрылыстары | 49 |
| 1705-0401-19-кесте – Байланыс кәсіпорындарының ғимараттары | 50 |
| 1705-0401-20-кесте – Өткізгіштік байланыстың жеке қондырғылары мен құрылыстары | 51 |
| 1705-0401-21-кесте – Электромагниттік индукция әсерінің есептері | 53 |
| 1705-0401-22-кесте – Телевидениені ұжымдық қабылдаудың ірі жүйелері (ТҰҚДЖ) | 54 |
| 1705-0401-23-кесте – Қорғалған ақпараттық жүйелер, байланыс және телекоммуникациялар жүйелері | 56 |
| 1705-0401-24-кесте – Жергілікті есептеуіш желілер, құрылымданған кабельдік желілер | 57 |
| 5-кіші бөлім Темір және автомобильдік жолдар. Көпірлер. Тоннельдер. | |
| Метрополитендер. Өнеркәсіптік көлік | 58 |
| 1-тарау Теміржолдар жалпы желісі | 59 |
| 1705-0501-01-кесте – Жаңа темір жолдар | 62 |
| 1705-0501-02-кесте – Екінші жолдар | 63 |
| 1705-0501-03-кесте – Станциялар | 66 |
| 1705-0501-04-кесте – Жолаушылар ғимараттары | 67 |
| 1705-0501-05-кесте – Локомотивтік және вагон шаруашылығы | 68 |
| 1705-0501-06-кесте – Жүк шаруашылығы | 74 |
| 1705-0501-07-кесте – Автоматика, телемеханика және байланыс құрылғылары | 80 |
| 1705-0501-08-кесте – Жеке объектілер | 82 |
| 1705-0501-09-кесте – Теміржолдарды электрлендіру | 84 |
| 1705-0501-10 -кесте – Байланыс желісі | 84 |
| 2-тарау Метрополитендер | 85 |
| 1705-0502-01-кесте – Метрополитендер | 91 |
| 1705-0502-02-кесте – Метрополитендердің жеке құрылыстары | 93 |
| 3-тарау Теміржол және автожол тоннельдері | 96 |
| 1705-0503-01-кесте – Тоннельдер | 96 |
| 4-тарау Жасанды құрылыстар | 97 |
| 1705-0504-01-кесте – Теміржол көпірлері, жол өтпелер, эстакадалар, су өткізу құбырлары | 102 |
| 1705-0504-02-кесте – Автожол, қалалық, жаяу жүргінші көпірлері, жол өтпелер, эстакадалар | 104 |
| 1705-0504-03-кесте – Автожол, қалалық, жаяу жүргінші көпірлері, жол өтпелер, эстакадалар (жалғасы) | 108 |
| 1705-0504-04 -кесте – Теміржол бір жолды көпірлер, жол өтпелер және эстакадалардың аралық құрылыстарын жеке жобалау | 109 |
| 1705-0504-05-кесте – Автожол және қалалық көпірлер, жол өтпелер және эстакадалардың аралық құрылыстарын және тіректерін жеке жобалау | 113 |
| 1705-0504-06-кесте – Автожол және қалалық көпірлер, жол өтпелер және эстакадалардың аралық құрылыстарын және тіректерін жеке жобалау (1 жалғасы) | 116 |

| | |
|--|------------|
| 1705-0504-07-кесте – Автожол және қалалық көпірлер, жол өтпелер және эстакадалардың аралық құрылыстарын және тіректерін жеке жобалау (2 жалғасы) | 120 |
| 1705-0504-08 -кесте – Арнайы қосалқы құрылыстардың және құрылғылардың жеке түрлері. Тіректерді тұрғызуға арналған құрылыстар мен құрылғылар | 121 |
| 1705-0504-09-кесте –Аралық құрылыстарды тұрғызуға арналған құрылыстар мен құрылғылар | 122 |
| 1705-0504-10-кесте – Жасанды құрылыстарды тұрғызуға арналған әртүрлі құрылыстар мен құрылғылар | 123 |
| 1705-0504-11-кесте –Көтеру-көліктік құрылыстар мен құрылғылар | 124 |
| 1705-0504-12-кесте –Реттеу құрылыстары | 125 |
| 1705-0504-13-кесте –Деформацияға қарсы іс-шаралар және опырылымға қарсы құрылыстар | 125 |
| 5-тарау Жалпы пайдаланудағы автомобильдік жолдар | 126 |
| 1705-0505-01-кесте –Жалпы пайдаланудағы автомобильдік жолдар | 130 |
| 1705-0505-02-кесте –Жалпы пайдаланудағы автомобильдік жолдар (жалғасы).... | 133 |
| 1705-0505-03-кесте –Көліктік тармақтар | 134 |
| 1705-0505-04-кесте – Жоба (жұмыс жобасы) құрамында автомобильдік жолдың техникалық-экономикалық сипаттамасын әзірлеу, жолдардың ұзақтығы 50 км дейін | 135 |
| 1705-0505-05-кесте – Экономикалық зерттеулерді өткізу құны, автомобильдік жолдың ұзақтығы 200 км астам | 136 |
| 1705-0505-06-кесте –Жол қызметі құрылыстары | 137 |
| 6-тарау Өнеркәсіптік көлік (теміржол және автомобильдік) | 138 |
| 1705-0506-01-кесте –Сыртқы және ішкі теміржолдар | 141 |
| 1705-0506-02-кесте –Станциялар | 143 |
| 1705-0506-03-кесте –Жөндеу шаруашылығы және жабдықтау құрылғылары | 144 |
| 1705-0506-04-кесте – Жүктерді қабылдау, жинау және жөнелтуге арналған құрылыстар | 145 |
| 1705-0506-05-кесте – Автоматика және телемеханика жеке объектілері (ДОБ).... | 147 |
| 1705-0506-06-кесте –Кірме және ішкі автомобильдік жолдар | 152 |
| 1705-0506-07-кесте –Механикаландырылған автомобильдік қабылдау пункті | 153 |
| 7-тарау Аспалы жолдар | 154 |
| 1705-0507-01-кесте – Аспалы жол желілері | 155 |
| 1705-0507-02-кесте –Аспалы жол станциялары | 155 |
| 1705-0507-03-кесте –Аспалы жол желісі | 156 |
| 1705-0507-04-кесте – Аспалы жол станциялары | 156 |
| 1705-0507-05-кесте –Аспалы жол желісі | 157 |
| 1705-0507-06-кесте – Аспалы жол станциялары | 157 |
| 8-тарау Аспалы крандар (кабельдік крандар) | 158 |
| 1705-0508-01-кесте – Аспалы крандар (кабельдік крандар) | 159 |
| 9-тарау Жол қозғалысын басқарудың автоматтандырылған жүйелері | 159 |
| 1705-0509-01-кесте –Жол қозғалысын басқарудың автоматтандырылған жүйесі | 159 |
| 6-кіші бөлім Автомобильдік көлік кәсіпорындары | 162 |
| 1-тарау Автомобильдік көлік кәсіпорындары | 165 |
| 1705-0601-01-кесте –Автомобильдік көлік кәсіпорындары | 165 |
| 1705-0601-02-кесте –Автомобильдік көлік кәсіпорындары(жалғасы) | 170 |
| 1705-0601-03-кесте – Кешеннен тыс жобаланатын автомобильдік көлік кәсіпорындарының жеке ғимараттары мен құрылыстары | 172 |

| | |
|--|------------|
| 1705-0503-01-кестеге – Бағадан пайыздарда жобалық-сметалық құжаттаманың құнын ұсынылатын бөлу(жоба)..... | 293 |
| 1705-0503-01-кестеге (Жұмыс құжаттамасы) | 294 |
| 1705-0504-01 – 1705-0504-05-кестелерге (Жоба) | 295 |
| 1705-0504-01-кестеге 15 – 19-поз..... | 296 |
| 1705-0504-01 – 1705-0504-05-кестелерге (Жұмыс құжаттамасы)..... | 297 |
| 1705-0504-01 – 1705-0504-05-кестелерге (Жұмыс жобасы) | 298 |
| 1705-0504-05 кестелерге – Көпірлер, өтпезолдар мен жүргіншілер көпірлерін тұрғызуға арналған арнайы қосалқы кешендер және құрылғылар (АҚКЖК) | 298 |
| 1705-0504-12-кестеге – Бағадан пайыздарда жобалық-сметалық құжаттаманың құнын ұсынылатын бөлу | 299 |
| 1705-0504-13-кестеге – Бағадан пайыздарда жобалық-сметалық құжаттаманың құнын ұсынылатын бөлу | 299 |
| 1705-0505-01-кестеге – Бағадан пайыздарда жобалық-сметалық құжаттаманың құнын ұсынылатын бөлу | 300 |
| 1705-0505-03-кестеге – Бағадан пайыздарда жобалық-сметалық құжаттаманың құнын ұсынылатын бөлу | 301 |
| 1705-0505-06-кестеге – Бағадан пайыздарда жобалық-сметалық құжаттаманың құнын ұсынылатын бөлу | 302 |
| 1705-0506-01-кестеге – Жобалық-сметалық құжаттаманың және жобалау жұмыстарын түрлерінің құнын ұсынылатын бөлу, бағадан пайыздарда..... | 303 |
| 1705-0506-02-кестеге – Жобалық-сметалық құжаттаманың және жобалау жұмыстарын түрлерінің құнын ұсынылатын бөлу, бағадан пайыздарда..... | 304 |
| 1705-0506-03-кестеге – Жобалық-сметалық құжаттаманың және жобалау жұмыстарын түрлерінің құнын ұсынылатын бөлу, бағадан пайыздарда..... | 305 |
| 1705-0506-04-кестеге – Жобалық-сметалық құжаттаманың және жобалау жұмыстарын түрлерінің құнын ұсынылатын бөлу, бағадан пайыздарда..... | 306 |
| 1705-0506-06-кестеге – Жобалық-сметалық құжаттаманың және жобалау жұмыстарын түрлерінің құнын ұсынылатын бөлу, бағадан пайыздарда..... | 307 |
| 1705-0506-07-кестеге –Бағадан пайыздарда жобалық-сметалық құжаттаманың құнын ұсынылатын бөлу | 309 |
| 1705-0507-01 және 1705-0507-02-кестелерге – Бағадан пайыздарда жобалық-сметалық құжаттаманың құнын ұсынылатын бөлу..... | 309 |
| 1705-0507-03, 1705-0507-05, 1705-0507-06-кестелерге | 310 |
| 1705-0507-04-кестеге | 310 |
| 1705-0508-01-кестеге –Бағадан пайыздарда жобалық-сметалық құжаттаманың құнын ұсынылатын бөлу | 311 |
| 1705-0509-01-кестеге – Жобалау жұмыстары жобалық-сметалық құжаттамасының құнын ұсынылатын бөлу, бағадан пайыздарда..... | 312 |
| 6-кіші бөлім Автомобильдік көлік кәсіпорындары..... | 313 |
| 1705-0601-01 - 1705-0601-03-кестелерге – Бағадан пайыздарда жобалық-сметалық құжаттаманың құнын ұсынылатын бөлу | 313 |
| 1705-0601-03-кестеге – Бағадан пайыздарда жобалық-сметалық құжаттаманың құнын ұсынылатын бөлу | 317 |

БЕЛГІ ҮШІН

5-бөлім Көлік және байланыс кәсіпорындары

Раздел 5 Предприятия транспорта и связи

Енгізу күні 2025-01-01

2-кіші бөлім Теңіз көлігі кәсіпорындары

Бағаларды қолдану жөніндегі нұсқаулар

1 Осы кіші бөлімде мыналарды жобалау құны келтірілген:

- теңіз порттары объектілер;
- кеме жөндеу зауыттары (КЖЗ);
- теңіз порттары және КЖЗ жеке құрылыстары мен құрылыстары;
- радиобайланыс және электрорадионавигация объектілері;
- өзге де кәсіпорындар.

2 Осы кіші бөлімнің бағаларын қолдану кезінде, сондай-ақ «Құрылыс үшін жобалау жұмыстарына арналған бағалар жинағын қолдану жөніндегі жалпы ережелерді» басшылыққа алу қажет.

3 Егер бұл бірлестік, бұғаттау немесе қоса салу оларды жобалауға арналған бағаларда көзделмеген болса, біріккен кәсіпорындар және объектілер, бұғатталған ғимараттар және әртүрлі мақсаттағы құрылыстар, қоса салынған үй-жайлармен басқа да мақсаттағы ғимараттардың құрылысына арналған жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеу құны біріктірілетін кәсіпорындардың әрқайсысын не бұғатталған ғимараттар мен құрылыстар, сондай-ақ негізгі ғимараттар және қоса салынатын үй-жайларды жобалауға арналған бағаларды жиынтықтаумен анықталады. Бұл ретте негізгі кәсіпорын, объект, ғимарат, құрылысты (шамасы бойынша үлкен) жобалау құны 1 коэффициентпен, ал бірлестікке, бұғаттауға кіретін немесе қоса салынатын әрбір кейінгісі тапсырыс берушімен келісім бойынша 0,9-дан бастап 1,2-ге дейін коэффициентпен қабылданады.

4 Теңіз порттары (ҚК), КЖЗ және өзге де кәсіпорындардың қайта тиеу кешендерін жобалауға арналған бағаларда ЖК, КЖЗ, кәсіпорындар шекаралары шеңберінде алаңшылқ инженерлік желілер, құрылыстар және көліктік коммуникацияларды жобалау құны ескерілген. Жеке ғимараттар мен құрылыстар, сондай-ақ радиобайланыс және электрорадионавигация объектілерін жобалауға арналған бағаларда инженерлік желілер, құрылыстар және көліктік коммуникациялардың жалпы порттық (жалпы зауыттық) немесе алаңнан тыс желілерге және бұл жанасу ұзақтығы 0,2 км дейін коммуникацияларға тікелей жанаспаларын (қосылыстар) жобалау құны ескерілген.

5 Осы кіші бөлімде келтірілген бағаларда мыналарды жобалау құны ескерілмеген:

- технологиялық процестер;

- жер телімдерін қалпына келтіру (рекультивация);
- бұл топырақтың құрамын және қасиеттерін зерттеуді қоса алғанда, түп тереңдету жұмыстарында суда көмуге жатпайтын топырақты теңізде көму және топырақты кәдеге жарату бойынша іс-шаралар;
- балық шаруашылығы бөлімі (белгіленетін шешімдер құрамында балық қорғау және су қадағалау органдарына келісуге ұсынылатын деректерді дайындау; оларға қажеттілік құрылыспен және шаруашылық объектілерін пайдаланумен балық қорларына және басқа да биологиялық ресурстарға келтірілген нұқсанға байланысты туындайтын өтемақылық объектілерді жобалау);
- кернеуі 10 кВ жоғары электр қондырғылары және электр берілісі желілері;
- электр станциялары (жүйелік және кәсіпорындар аумағында орналастырылатын), оның ішінде стационарлық дизельдік электр станциялары;
- электр энергиясын және басқа да энергия жеткізгіштердің шығысын автоматтандырылған есепке алу, энергия ресурстарының сапасын бақылау, жалпы энергиямен жабдықтау электр шоғырын диспетчерлендіру кіші жүйелері (ТП БАЖ «Энергия тұтыну», «Энергия» және т.б.);
- байланыс және басқарудың барлық деңгейлерінде (телефон телеграфтық, диспетчерлік және т.б.) ЖК, порттар, КЖЗ өзара және басқа да ведомстволық бағынысты кәсіпорындармен (объектілермен) ақпарат алмасуы үшін байланыс жүйелерін ұйымдастыру;
- жалпы өндірістік байланыс (мекемелік өндірістік АТС, дыбыстық хабар тарату, портаралық телефон-телеграфтық байланыс және т.б.) тораптары (станциялар);
- қолданбалы телевидение (диспетчерлік, күзет және т.б.) қондырғылары;
- алаңнан тыс ғимараттарға, құрылыстарға және коммуникацияларға жататын, бірақ өнеркәсіптік алаң аумағында орналасқан объектілер (1705-0202-04-кесте 2-поз. басқа сорғы станцияларымен, су дайындау және суды өңдеу құрылыстарымен су жинау құрылыстары, суды және ағындарды айдамалау станциялары, орталық жылу пунктері және оларға жататын құрылыстарымен қазандықтар, өрт сөндіру депосы, оқу-өндірістік комбинаты, кір жуу орындары, БТҚ, оттегі станциялары, газ тарату пунктері, табиғи және сұйылтылған газдар қоймалары, СО₂ өндірісі жөніндегі учаскелер);
- ұйымдық техниканы қоса алғанда, ОБАЖ техникалық қамтамасыз ету құралдары;
- ұйымдық техниканы қоса алғанда, ТП БАЖ техникалық қамтамасыз ету құралдары;
- ақпаратты жинау, өңдеу және беру құралдарын қоса алғанда, есептеуіш орталықтар (ЕО), есептеуіш кешендер (ЕК);
- тұрғын үй және мәдени-тұрмыстық мақсаттағы объектілер;
- жерасты құрылыстары және инженерлік коммуникацияларды топырақпен тоттанудан және кезбе токтармен тоттанудан электрхимиялық қорғау;
- жерүсті және жерасты коммуникацияларды құрылыс аймағынан шығару (1705-0203-05-кесте 2 және 3-поз. басқа);
- үй-жайларды бітемелеу және радиоактивтік тозаңнан қорғау бойынша іс-шаралар;
- пневматикалық желілер және көліктің гидравликалық түрлері;
- теміржол парктері және станциялар, теміржол вагондарды тазартуға және жууға арналған технологиялық қазандықтар;
- табиғи кедергілер және жасанды құрылыстар арқылы жол өтпелер, көпірлер, дюкерлер және өтпелер;

- тоңазымаған акваторияларды қалыптастыру бойынша іс-шаралар;
- электрмен жабдықтау, жылумен жабдықтау, сумен жабдықтау, кәріз, жылыту және желдету жүйелерін басқаруға арналған орталық диспетчерлік пунктер;
- шөгінділерді өңдеу және жинау жөніндегі құрылыстар, ағын суларды жинағыштар, тұрмыстық ағын суларды тазарту құрылыстар, тазартылмаған ағын сулар тазарту құрылыстарына айдамалау сорғы станциялар, тазартылған ағындар шығарғыштар;
- халықтық тұтыну тауарларын шығару жөніндегі цехтар;
- арнайы контингентке арналған ғимараттар мен құрылыстар;
- электрлік машиналардың сынақ станциялар.

6 Кіші бөлімнің бағаларында келесі шығындар және жұмыстар ескерілмеген:

- құйма цехтарындағы пеш шаруашылығын құрамдастыру;
- жобалау ұйымдары өкілдерінің шетелдік фирмалармен келісімшарт алдындағы келіссөздерге қатысуы, фирмалардың жабдықты жетукізуіне техникалық тапсырмаларды әзірлеу, техникалық ұсыныстар бойынша қорытындылар жасау және келісімшартқа ұсыныстарды ресімдеу.

7 1705-0201-01 және 1705-0202-02-кестелердің бағаларында сыртқы кіреберіс арналардың молдарын, бөгеттерін, толқын бұрғыштарын жобалау құны ескерілмеген.

8 1705-0201-01, 1705-0201-03, 1705-0202-03-кестелердің бағаларында гидротехникалық құрылыстарды электрхимиялық қорғауды жобалау құны ескерілмеген.

9 1705-0201-01 – 1705-0203-01, 1705-0203-04, 1705-0204-01, 1705-0205-01-кестелердің бағаларында кеме электр станцияларынан және доктардан жағалау қабылдау құрылғыларын және электр энергиясын беруге арналған желілерді жобалау құны ескерілмеген.

10 1 – 3 және 5-тараулардың бағаларында радиобайланыс және электрорационавигация объектілерін жобалау құны ескерілмеген.

11 1705-0201-02, 1705-0201-04, 1705-0201-05, 1705-0202-02, 1705-0203-04, 1705-0204-01, 1705-0205-01-кестелердің бағаларында гидротехникалық құрылыстарды жобалау құны ескерілмеген.

1705-0201-04, 1705-0201-05, 1705-0204-01, 1705-0205-01-кестелердің бағаларында қоғамдық тамақтану кәсіпорындарын жобалау құны ескерілмеген.

12 Еңбекті қажетсіну жөніндегі көрсеткіштерді жинау және өңдеу бойынша жұмыстардың құны қосымша анықталады. Бұл ретте еңбекті қажетсіну жөніндегі көрсеткіштерді жинау және өңдеуге тек қана техниканың қазіргі заманғы деңгейіне сәйкес келетін барынша жетілдірілген бұйымдарға рұқсат етіледі.

Көрсетілген жұмыстардың қосымша құны келесі өкіл-бұйымдар болған кезде пайыздарда жобаның технологиялық бөлімінің құнынан пайыздарда анықталады:

- 1 бұйым – 20 %;
- 5-ке дейін бұйымдар – 50 %;
- 10-ға дейін бұйымдар –70 %;
- 10-нан астам бұйымдар – 90-ға дейін %.

13 Құрылыстың ерекше шарттары үшін жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеу құны былайша анықталады:

– негіздердің арнайы түрлеріндегі немесе қадалық іргетастардағы жағалау ғимараттар үшін –1,1 коэффициентпен осы кіші бөлімнің бағалары бойынша;

– күрделі гидрометеорологиялық шарттармен құрылыс аудандарында ЖК және КЖЗ (1705-0201-01-кесте), гидротехникалық құрылыстар (1705-0201-03 және 1705-0202-03-кесте) үшін келесі коэффициенттермен гидротехникалық бөлімді (Ж, ЖЖ және ЖҚ кезеңдерінде) және құрылысты ұйымдастыруды (Ж және ЖЖ кезеңдерінде) жобалау құнына:

– есептік толқынның биіктігі төмендегідей теңіз шарттарында:

– 2-ден бастап 4 м дейін – 1,1;

– 4 м астам – 1,2;

– мұздық есептік қалыңдығы төмендегідей тоңазыған акваториялар шарттарында:

– 0,75-тен бастап 1,5 м дейін – 1,1;

– 1,5 м астам – 1,2;

– су деңгейінің 2-ден астам – 1,4 м дейін ауытқу шарттарында.

14 Олар үшін құрылыстың тораптық әдісін¹ қолдану көзделетін объектілерді жобалау құны тапсырыс берушімен келісім бойынша 1,2 коэффициентпен осы кіші бөлімнің бағалары бойынша анықталады (жұмыстардың көлеміне байланысты).

15 Құрылыс үшін шарттық бағаларды анықтау жөніндегі жұмыстардың құны кіші бөлімнің бағаларында ескерілген және жобалау объектісіне және құрылыс шарттарына байланысты жобаны әзірлеудің жалпы құнынан 2,8%-ға дейін немесе жұмыс жобасының жалпы құнынан 0,65%-ға дейінді құрайды.

16 Жергілікті сметаларды және жұмыстардың көлемдерін жасау құны жобалық-сметалық құжаттаманың тиісті бөлімдерінде ескерілген. Жергілікті сметалардың жалпы құны жобалық-сметалық құжаттаманың құнынан орташа 6%-ды, ал жұмыстардың көлемдерін ескере отырып – 10%-ды құрайды.

17 Кәсіпорын немесе жеке өндіріс жобасының кешенінен тыс орындалатын атмосфералық ауаны өнеркәсіптік шығарындылармен ластанудан қорғау бойынша іс-шаралар кешенін есептеу құны 0,038-ге дейін коэффициентті қолдана отырып, жобаны әзірлеуге арналған бағалар бойынша анықталады.

18 Егер жобалауға арналған тапсырмада ауаны баптау жүйесі көзделмесе, жылыту және желдету бойынша жобалау жұмыстарының құны 0,65 коэффициентпен ауаны баптауды әзірлеу құнына арттырылады.

19 Жобалау жұмыстарына арналған бағалар 2025 жылғы 1 қаңтарға жай-күйі бойынша ағымдағы деңгейде есептелді.

¹Тораптық әдіс іске қосу кешенінің құрамында конструктивтік және технологиялық ерекше бөлімдердің бөлініп шығуын білдіреді. Тораптық әдістің жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеу туралы шешімді тапсырыс берушімен келісім бойынша бас жобалау ұйымы, бас мердігерлік құрылыс және жетекші қосалқы мердігерлік ұйымдар қабылдайды.

1-тарау Теңіз порттары объектілері

1 Осы тарауда мыналарды жобалау құны келтірілген:

- қайта тиеу және жолаушылар кешендері (ЖК);
- теңіз вокзалдары және жолаушылар павильондары;
- айлақтық құрылыстар;
- жүк қоймалары;
- көмекші-өндірістік және қосалқы мақсаттағы объектілер.

2 Теңіз кемелеріне және аралас жүзу кемелеріне қызмет көрсететін өзендерде, көлдерде және жасанды суқоймаларда орналасқан порттар теңіз порттарына жатқызылды.

3 Осы тараудың бағаларында мыналарды жобалау құны ескерілмеген:

- жалпы порттық ғимараттар, құрылыстар, инженерлік желілер және коммуникациялар;
- жөндеу шеберханалары, қазандықтар, гараждар, тоңазытқыштар (ЖК құрамында);
- жеке жүк және жолаушылар айлақтары, теңіз жолаушылар вокзалдары, сондай-ақ қолданыстағы ЖК өндірістік қуаты арттыру мақсатында жобаланатын әртүрлі ғимараттар мен құрылыстардың жобасының (жұмыс жобасы) техникалық-экономикалық бөлімі (ТЭБ); бұл жағдайларда ТЭБ-ті әзірлеу қажеттілігіне қарай оның құны және ЖК бойынша технологиялық бөлімнің құны (технологиялық есептерді орындау) 1705-0201-01-кестенің бағалары (жолаушылар кешені немесе тиісті маманданудағы ЖК үшін) және жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеу құны бөлу кестесімен ұсынылатын осы бөлімдерге белгіленген пайыздар бойынша қажетті бағаны көрсететін төмендету коэффициентімен қосымша анықталады.

4 Құрамында оларды сақтау шарттарын жасауды және тиеу-түсіру жұмыстарын орындауды талап ететін қауіпті жүктер (жарылысты, улы, радиоактивтік және инфекциялық заттар) бар негізгі жүктер үшін ЖК жобалау құны 1,15 коэффициентпен жабық сақтаудағы негізгі жүктерге арналған ЖК бағалары бойынша анықталады.

5 Механикаландырудың крандық сызбасымен тиелетін жүктерге арналған ЖК жобалау құны жалпы құнға 0,65 коэффициентті қолдана отырып, ашық сақтаудағы негізгі жүктерге арналған бағалар бойынша анықталады.

6 Теміржол-жолаушылар паром-кемелерді қабылдауға және өндеуге арналған ЖК-ны жобалау құны тиісті жолаушылар сыйымдылығындағы вокзалды (1705-0201-02-кесте) жобалау құнын қосумен 1705-0201-01-кестенің 8-поз. бағасы бойынша анықталады.

7 ЖК жүк айналымы (жолаушылар айналымы) ретінде навигацияның жылына 8 ай және одан астам ұзақтығы қабылданды. Навигацияның ұзақтығы– 7, 6, 5, 4, 3 айдан аз болғанда есептік жүк айналымына (жолаушылар айналымы) тиісінше келесі коэффициенттер қолданылады: 1,2; 1,4; 1,8; 2; 2,3.

8 1705-0201-02-кестенің бағаларында траппорталдар, арнайы типтер лифттер, отырғызу жаяу жүргінші эстакадаларын жобалау құны ескерілмеген.

9 Жүк айналымы негізгі жүктердің 75 мың т аз, ал жолаушылар айналымы 75 мың адамнан аз жүк-жолаушылар кешенін жобалау құны: 1 мың т жүк 1 мың жолаушыға тиелетін жүкке сәйкес келетін эквиваленттілікті ескере отырып, 1705-0201-01-кестенің тармағына сәйкес келтірілген жүк айналымы бойынша анықталады.

10 Бір айлақта механикаландырудың крандық сызбасымен негізгі және тиелетін жүктерді қайта тиеу үшін ЖК-ны жобалау құны 1 мың т жүк 2,5 мың т тиелетін жүкке сәйкес келетін эквиваленттілікті ескере отырып, негізгі жүктер ЖК-ға арналған бағаларына сәйкес келтірілген жүк айналымы бойынша анықталады.

11 1705-0201-01-кестенің 6 және 9-поз. бағалары бойынша оларды жүкті қоймаға (қоймадан) тасымалдау немесе станцияда (станциядан) вагондарға тиеу (түсіру) үздіксіз көлік машиналармен жүргізілетін ЖК-ны жобалау құны анықталады.

1705-0201-01-кесте –Қайта тиеу және жолаушылар кешендері

| позиция № | Жобалау объектісінің атауы | Объектінің негізгі көрсеткіші | Баға параметрлері а, мың теңге | Баға параметрлері b, мың теңге | К1 | К2 |
|-----------|--|-------------------------------|--------------------------------|--------------------------------|------|------|
| 1 | Ашық сақтаудағы негізгі жүктерді қайта тиеу кешені, жүк айналымы 350-ден бастап 750 мыңға дейін т/жыл | мың т | 41 471 | 82 | 0,3 | 1,15 |
| 2 | Жабық сақтаудағы негізгі жүктерді қайта тиеу кешені, жүк айналымы 250-ден бастап 550 мыңға дейін т/жыл | мың т | 45 100 | 18 | 0,3 | 1,15 |
| 3 | Дөңгелек ағашқа арналған қайта тиеу кешені, жүк айналымы 350-ден бастап 700 мыңға дейін т/жыл | мың т | 37 945 | 76 | 0,3 | 1,15 |
| 4 | Тез бүлінетін жүктерге (банан, цитрустық, көкөністер, жемістер, ет өнімдері және майлар) арналған қайта тиеу кешені, жүк айналымы 160-тан бастап 300 мың т дейін/жыл | мың т | 39 426 | 177 | 0,3 | 1,15 |
| 5 | Ірі тонналы контейнерлердегі жүктерге арналған, сондай-ақ Ро-Ро типіндегі кемелерді қабылдауға және өндеуге арналған қайта тиеу кешені, жүк айналымы 900-ден бастап 1700 мыңға дейін т/жыл | мың т | 93 559 | 76 | 0,24 | 1,1 |
| 6 | Минералдық тиелетін жүктерді (көмір, кен, цемент және т.б.) қайта тиеу кешені, жүк айналымы 3-тен бастап 10 млн. дейін т/жыл | млн. т | 281 386 | 51 087 | 0,26 | 1,15 |
| 7 | Лихтер тасығыш-кемелерді қабылдауға және өндеуге арналған қайта тиеу кешені, жүк айналымы 1-ден бастап 1,8 млн. дейін т/жыл | млн. т | 36 620 | 27 369 | 0,4 | 1,16 |
| 8 | Бір пункте теміржол паром-кемелерін қабылдауға және өндеуге арналған қайта тиеу кешені, жүк айналымы 3,6-дан бастап 7,2 млн. дейін т нетто/жыл | млн. т нетто | 68 631 | 13 445 | 0,35 | 1,15 |
| 9 | Химиялық тиелетін жүктерді (фосфориттер, минтыңайтқыштар) қайта тиеу кешені, жүк айналымы 1,2-ден бастап 3 млн. дейін т/жыл | млн. т | 370 272 | 95 645 | 0,21 | 1,06 |
| | Құйылатын мұнай жүктеріне арналған қайта тиеу кешені (ауыстырып тиеу және бункерлеу айлақтары), жүк айналымы: | - | - | - | - | - |
| 10 | 1-ден бастап 3 млн. дейін т/жыл | млн. т | 43 755 | 13 403 | 0,27 | 1,11 |
| 11 | 3-тен астам 12 млн. дейін т/жыл | млн. т | 71 405 | 4 187 | 0,3 | 1,13 |
| 12 | 12-ден астам 20 млн. дейін т/жыл | млн. т | 88 104 | 2 795 | 0,29 | 1,12 |
| 13 | Жергілікті желілерге қызмет көрсетуге арналған жолаушылар кешендері, жолаушылар айналымы 500-ден бастап 3000 мыңға дейін адам/жыл | 100 мың адам | 19 494 | 1 565 | 0,4 | 1,2 |

Ескертпелер:

1 Кестенің бағаларында мыналарды жобалау құны ескерілмеген:

– тиелетін мұнай өнімдері ЖК құрамында порт жанындағы мұнай базалары, технологиялық құбыр өткізгіштер, шлангілегіш құрылғылар, өрт сөндіру жүйелер, жергілікті су тазарту құрылыстары;

– лихтер тасығыш-кемелерді қабылдауға және өңдеуге арналған ЖК құрамында лихтерлерге арналған жүк айлақтар;

– қатып қалған вагондарда тиелетін жүктер суысымалығын қалпына келтіруге арналған құрылғылар;

– паром-кемелерді қабылдауға және өңдеуге арналған ЖК құрамында көтеру құрылғылары (көпірлер).

2 Паром-кемелерді қабылдауға және өңдеуге арналған ЖК-ны жобалауға арналған жерасты құрылғыларына арналған тұндырғылар ескерілген.

1705-0201-02-кесте – Теңіз вокзалдары және жолаушылар павильондары

| позиция № | Жобалау объектісінің атауы | Объектінің негізгі көрсеткіші | Баға параметрлері а, мың теңге | Баға параметрлері б, мың теңге | K1 | K2 |
|-----------|--|-------------------------------|--------------------------------|--------------------------------|-----|-----|
| 1 | Теңіз вокзалы, жолаушылар сыйымдылығы 600-ден бастап 1500-ге дейін адам | адам | 24 511 | 88 | 0,3 | 1,1 |
| 2 | Жолаушылар павильоны, жолаушылар сыйымдылығы 50-ден бастап 300-ге дейін адам | адам | 2 941 | 94 | 0,4 | 1,1 |

Ескертпелер:

1 Кестенің бағаларында мыналарды жобалау құны ескерілмеген:

– ауамақты қалыптастыру (топырақты ауыстыру, үйме құрылғысы, шұңқырды әзірлеу, топырақтың консолидациясы, шөгінділерді жою бойынша іс-шаралар);

– акватория, навигациялық мән-жай;

– вокзал жанындағы қонақ үйлер.

2 Теңіз вокзалының (павильон) халықаралық секторын жобалау құны тапсырыс берушімен келісім бойынша тиісінше 1,8 (1,4) -ге дейін коэффициентті қолдана отырып, олардың жолаушылар сыйымдылығына сәйкес теңіз вокзалының (павильон) бағалары бойынша жеке анықталады.

1705-0201-03-кесте – Айлақтық құрылыстар

| позиция № | Жобалау объектісінің атауы | Объектінің негізгі көрсеткіші | Баға параметрлері а, мың теңге | Баға параметрлері б, мың теңге | K1 | K2 |
|-----------|---|-------------------------------|--------------------------------|--------------------------------|------|------|
| 1 | Қатты және иілгіш (гравитациялық және эстакадалық типтер) палдар, биіктігі 12-ден бастап 20 м дейін | м құрылыс биіктігі | 2 107 | 136 | 0,42 | 1,16 |
| 2 | Металл құбырлардан жасалған қада негізіндегі мұнай пирсі, биіктігі 15,5-тен бастап 29,5 м дейін | м құрылыс биіктігі | 13 194 | 626 | 0,28 | 1,12 |
| 3 | Өзара анкерленген металл шпунттан жасалған жүк пирсі, биіктігі 12-ден бастап 17,5 м дейін | м құрылыс биіктігі | 8 511 | 594 | 0,35 | 1,12 |

1705-0201-03-кестенің жалғасы

| позиция № | Жобалау объектісінің атауы | Объектінің негізгі көрсеткіші | Баға параметрлері а, мың теңге | Баға параметрлері б, мың теңге | К1 | К2 |
|---|--|-------------------------------|--------------------------------|--------------------------------|------|------|
| 4 | Массивтік қаламадан салынған жүк пирсі, биіктігі 12-ден бастап 15,5 м дейін | м құрылыс биіктігі | 4 162 | 1 085 | 0,35 | 1,12 |
| 5 | Жеке тұрған тіректердегі, көпірлік типтегі аралық жоғарғы құрылысымен жүк пирсі, биіктігі 12-ден бастап 17,5 м дейін | м құрылыс биіктігі | 12 402 | 876 | 0,35 | 1,12 |
| 6 | жүк пирсі қада негізіндегі из металл құбырлар биіктігі 15,5-тен бастап 17,5 м дейін | м құрылыс биіктігі | 8 595 | 626 | 0,35 | 1,12 |
| 7 | Призматикалық қадалардағы рейдтік жолаушылар пирсі, биіктігі 7,5-тен бастап 12 м дейін | м құрылыс биіктігі | 11 275 | 146 | 0,26 | 1,1 |
| 8 | Қабыршақ-бағаналардағы рейдтік жолаушылар пирс, диаметрі 1,6 м биіктігі 10-нан бастап 15 м дейін | м құрылыс биіктігі | 12 902 | 73 | 0,26 | 1,1 |
| 9 | Кеуекті массивтерден салынған жүк айлағы, биіктігі 12-ден бастап 16 м дейін | м құрылыс биіктігі | 6 707 | 490 | 0,34 | 1,12 |
| 10 | Темірбетон қабыршақтардан салынған жүк айлағы, диаметрі 10,5 биіктігі 12-ден бастап 16 м дейін | м құрылыс биіктігі | 5 142 | 720 | 0,34 | 1,12 |
| 11 | Массивтік қаламадан салынған жүк айлағы, биіктігі 12-ден бастап 17 м дейін | м құрылыс биіктігі | 7 312 | 521 | 0,34 | 1,12 |
| 12 | Бұрыштық типтегі құрастырма темірбетон элементтерден салынған жүк айлағы, биіктігі 12-ден бастап 14 м дейін | м құрылыс биіктігі | 7 572 | 511 | 0,34 | 1,12 |
| 13 | Металл шпунттан салынған больверк типіндегі жүк айлағы, биіктігі 12-ден бастап 26,5 м дейін | м құрылыс биіктігі | 2 701 | 834 | 0,34 | 1,22 |
| 14 | Темірбетон шпунттан салынған больверк типіндегі жүк айлағы, биіктігі 12-ден бастап 14 м дейін | м құрылыс биіктігі | 12 662 | 396 | 0,34 | 1,22 |
| 15 | Темірбетон қада-қабыршақтардан салынған больверк типіндегі жүк айлағы, диаметрі 1,6 м биіктігі 12-ден бастап 16 м дейін | м құрылыс биіктігі | 2 785 | 866 | 0,34 | 1,22 |
| 16 | Призматикалық қадалардағы құрастырма темірбетон элементтерден салынған жүк айлағы, биіктігі 12-ден бастап 14 м дейін | м құрылыс биіктігі | 7 072 | 553 | 0,34 | 1,1 |
| 17 | Қада-қабыршақтардағы құрастырма темірбетон элементтерден салынған жүк айлағы, диаметрі 1,6 м биіктігі 12-ден бастап 14 м дейін | м құрылыс биіктігі | 10 044 | 668 | 0,34 | 1,1 |
| <p>Ескертпелер:</p> <p>1 Оларда траппорталдар немесе рельстік жолдардағы басқа да қайта тиеу жабдық қондырғысы кезінде жолаушылар айлақтарын және пирстерді (рейдтіктен басқа) жобалау құны тиісті конструкциядағы жүк айлақтарының және пирстердің бағалары бойынша анықталады. Көрсетілген жабдық болмаған кезде жобалау құны технологиялық, гидротехникалық бөлімдерге, кран асты жолдарға және электрмен жабдықтауға 0,8 коэффициентпен сол бағалар бойынша анықталады.</p> | | | | | | |

2 Айлақтық құрылыстар ұзындығы бойынша барлық ұзақтығында конструкциялардың принциптік әртүрлі типтерімен немесе параметрлермен (оның ішінде 1 м астам айлақтық құрылыстардың биіктіктері әртүрлі болғанда) учаскелерлен тұртын жағдайларда оларды жобалау құны келесі құндардың жиынтығы ретінде анықталады:

а) негізгі учаскені жобалау құны конструкцияның тиісті типі үшін кестелерд көрсетілген баға бойынша;

б) әрбір кейінгі учаскенің гидротехникалық бөлімі және кранасты жолдардың құны 0,5 коэффициентпен.

3 Айлақ және пирс биіктігі үшін құрылыстағы кордон және түп белгілерінің абсолюттік мәндерінің жиынтығына тең шама қабылданады; пирстегі түптің белгісі құрылыстың негізгі бөлігінде қабылданады.

4 2, 7 және 8-поз. бағасында жергілікті су тазарту құрылыстарын жобалау ескерілмеген. Жергілікті су тазарту құрылыстарын жобалау қажеттілігіне қарай құн тиісті кіші бөлім бойынша қосымша анықталады.

1705-0201-04 -кесте –Жүк қоймалары

| позиция № | Жобалау объектісінің атауы | Объектінің негізгі көрсеткіші | Баға параметрлері а, мың теңге | Баға параметрлері б, мың теңге | К1 | К2 |
|---|---|-------------------------------|--------------------------------|--------------------------------|------|------|
| 1 | Бір қабатты жабық қоймасы, ауданы 4,3-тен бастап 8 мың м ² дейін | мың м ² | 16 469 | 657 | 0,25 | 1,1 |
| 2 | Контейнерлерді және ролл-трейлеровді жиынтықтау қоймасы, қалқамен, бір қабатты ауданы 10,5-тен бастап 15 мың м ² дейін | мың м ² | 6 175 | 1 867 | 0,25 | 1,1 |
| 3 | Рефрижераторлық қойма ауданы 4,3-тен бастап 6 мың м ² дейін | мың м ² | 34 607 | 3 630 | 0,25 | 1,1 |
| 4 | Кранасты жолдармен жабдықталған ашық сақтаудағы жүктерге арналған қойма, ауданы 10-нан бастап 55 мың м ² дейін | мың м ² | 7 134 | 344 | 0,4 | 1,15 |
| 5 | Кранасты жолдармен жабдықталмаған ашық сақтаудағы жүктерге арналған қойма, ауданы 10-нан бастап 36 мың м ² дейін | мың м ² | 6 175 | 228 | 0,4 | 1,15 |
| Ескертпе – Тиеу-түсіру және көліктік-қойма жұмыстарын механикаландырумен рефрижераторлық қоймаларды жобалау құны 1,07 коэффициентпен кестенің 3-поз. бағасы бойынша анықталады. | | | | | | |

1705-0201-05-кесте –Көмекші-өндірістік және қосалқы мақсаттағы объектілер

| позиция № | Жобалау объектісінің атауы | Объектінің негізгі көрсеткіші | Баға параметрлері а, мың теңге | Баға параметрлері б, мың теңге | К1 | К2 |
|-----------|--|---------------------------------|--------------------------------|--------------------------------|------|------|
| 1 | Басқару ғимараты, жалпы ауданы 4-тен бастап 6 мың м ² дейін | мың м ² | 1 961 | 5 486 | 0,30 | 1,10 |
| 2 | Қызмет көрсетуге арналған қызметтік-тұрмыстық үй-жайлар блогы, 50-ден бастап 200-ге дейін ең жоғары ауысымда жұмыс істейтіндер | ең жоғ. ауысымда жұмыс істейтін | 13 236 | 94 | 0,30 | 1,10 |
| 3 | Санитарлық-техникалық және инженерлік қызметер блогы | объект | 3 724 | - | 0,40 | 1,15 |

1705-0201-05-кестенің соңы

| позиция № | Жобалау объектісінің атауы | Объектінің негізгі көрсеткіші | Баға параметрлері а, мың теңге | Баға параметрлері б, мың теңге | К1 | К2 |
|---|--|-------------------------------|--------------------------------|--------------------------------|------|------|
| 4 | Авто және электр тиегіштер гаражы, сыйымдылығы 100-ден бастап 150-ге дейін тиегіштер | тиегіш | 28 506 | 229 | 0,29 | 1,07 |
| 5 | Орталық материалдық-техникалық қойма порт ауданы 2-ден бастап 3 мың м² дейін | мың м² | 13 173 | 5 382 | 0,29 | 1,07 |
| 7 | Халықаралық стандарттағы 20 және 40 футтық контейнерлерге техникалық қызмет көрсету және куәландыру пункті, өткізу қабілеті 3-тен бастап 10 мыңға дейін контейнерлер/жыл | мың контейнерлер | 22 581 | 4 120 | 0,29 | 1,07 |
| 8 | Мұнай құю айлақтық кешенінің өрт сөндіру жүйесі, өнімділігі 3500-ден бастап 7000-ға дейін м³/сағат | мың м³/сағат | 20 245 | 4 697 | 0,30 | 1,08 |
| 9 | Бір қабатты шаруашылық-мүкәммалдық қойма, пайдалы ауданы 1-ден бастап 2 мың м² дейін | мың м² | 980 | 6 488 | 0,38 | 1,10 |
| <p>Ескертпелер:</p> <p>1 Кестенің бағаларында мыналарды жобалау құны ескерілмеген:</p> <ul style="list-style-type: none"> – жөндеу-механикалық шеберханалар үшін айлақтар және кеме көтеру құрылыстары; – электр тиегіштер гараждары және порттың жөндеу-механикалық шеберханалары үшін тарту аккумуляторлық батареяларын зарядтау станциялары. <p>2 1, 2, 3, 5-поз. бағасында жергілікті су тазарту құрылыстарын жобалау ескерілмеген. Жергілікті су тазарту құрылыстары жобалау қажеттілігіне қарай құн тиісті кіші бөлім бойынша қосымша анықталады.</p> <p>3 Егер жобаланатын порттың жөндеу-механикалық шеберханаларының құрамында газбен-ауамен жабдықтау объектілері (компрессорлық, баллондар қоймалары), сондай-ақ бояулар және майлар қоймалары жоқ болса, онда 6-поз. бағасына мөлшері келісім бойынша (бірақ 0,85-тен төмен емес) белгіленетін төмендету коэффициентін қолдану керек.</p> | | | | | | |

1705-0202-03-кесте –Кеме көтеру және айлақтық құрылыстар

| позиция № | Жобалау объектісінің атауы | Объектінің негізгі көрсеткіші | Баға параметрлері а, мың теңге | Баға параметрлері б, мың теңге | К1 | К2 |
|--|--|-------------------------------|--------------------------------|--------------------------------|------|------|
| | Жүзбе док қондырғысы, көтеру күші: | - | - | - | - | - |
| 1 | Жүзбе док қондырғысы, көтеру күші 8,5-тен бастап 15 мың т дейін | мың т | 17 992 | 1 804 | 0,36 | 1,10 |
| 2 | Жүзбе док қондырғысы, көтеру күші 15-тен астам 30 мың т дейін | мың т | 24 595 | 1 364 | 0,36 | 1,10 |
| 3 | Жүзбе айлақ қондырғысы, 3 – 6 понтоннан тұрады | понтон | 2 921 | 688 | 0,30 | 1,08 |
| 4 | Ангар (жабық эллинг), ауданы 2,4-тен бастап 4 мың м² дейін жүзбе құралдарды жөндеу үшін | мың м² | 19 129 | 6 175 | 0,37 | 1,10 |
| 5 | Төрттағанды кранмен кеме көтеру құрылысы, жүк көтергіштігі 100-ден бастап 150 т дейін | т кранның жүк көтергіштігі | 4 568 | 40 | 0,38 | 1,10 |
| 6 | Призматикалық кадалардағы құрастырма темір-бетон элементтерден кеме жөндеу айлағы, биіктігі 7,5-тен бастап 14 м дейін | м құрылыс биіктігі | 16 574 | 1 606 | 0,30 | 1,10 |
| 7 | Массивтік қаламадан жасалған кеме жөндеу айлағы, биіктігі 7,5-тен бастап 14 м дейін | м құрылыс биіктігі | 15 353 | 1 502 | 0,30 | 1,10 |
| 8 | Металл шпунттан жасалған больверк типіндегі кеме жөндеу айлағы, биіктігі 7,5-тен бастап 14 м дейін | м құрылыс биіктігі | 15 478 | 1 512 | 0,30 | 1,10 |
| 9 | Кеукті массивтерден жасалған кеме жөндеу айлағы, биіктігі 7,5-тен бастап 14 м дейін | м құрылыс биіктігі | 13 862 | 1 366 | 0,30 | 1,10 |
| 10 | Қада-қабыршақтардағы құрастырма темірбетон элементтерден жасалған кеме жөндеу айлағы, диаметрі 1,6 м биіктігі 11-ден бастап 14 м дейін | м құрылыс биіктігі | 25 617 | 1 606 | 0,30 | 1,10 |
| <p>Ескертпелер:</p> <p>1 Кестенің бағаларында айлақтық құрылыстар үшін трансформаторлық қосалқы станцияларды, жүзбе доктар және жүзу айлақтарының қондырғысы үшін акваторияларды жобалау құны ескерілмеген.</p> <p>2 КЖЗ кешенінен тыс жобаланатын айлақтық құрылыстарды салу үшін жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеу құны 1705-0201-03-кестеге ескертпелерде көрсетілген.</p> <p>3 Темірбетон призматикалық кадалардағы, металл шпунттан жасалған және қада-қабыршақтардағы кеме жөндеу пирстерін жобалау құны «Гидротехникалық бөлім» және «Құрылысты ұйымдастыру» бөлімдеріне 0,9 коэффициентті қолдана отырып, кестенің тиісінше 6, 8 және 10-поз. бойынша анықталады.</p> <p>4 Жүзбе шеберхана қондырғысын жобалау құнын екі понтон үшін қолданылатындай 3-поз. бағасы бойынша анықтау керек.</p> | | | | | | |

1705-0202-04-кесте –Өнеркәсіптік ағындарды ағынсыз тазарту құрылыстары, теңіз суын жинау құрылыстары

| позиция № | Жобалау объектісінің атауы | Объектінің негізгі көрсеткіші | Баға параметрлері а, мың теңге | Баға параметрлері b, мың теңге | K1 | K2 |
|---|---|-------------------------------|--------------------------------|--------------------------------|------|------|
| 1 | Кеме жөндеу кәсіпорындарының объектілерінен өнеркәсіптік ағындарды ағынсыз тазарту құрылыстары, өнімділігі 30-дан бастап 60-қа дейін м³/сағат | м³/сағат | 38 321 | 1 074 | 0,3 | 1,09 |
| 2 | Порттар және кеме жөндеу зауыттары үшін теңіз суын жинау құрылыстары, өнімділігі 100-ден бастап 200 м дейін³/сағат | м³/сағат | 4 527 | 38 | 0,26 | 1,09 |
| Ескертпе –2-поз. бағасында қысымды құбыр өткізгіштерді жобалау құны ескерілмеген. | | | | | | |

3-тарау Теңіз порттары және кеме жөндеу зауыттарының жеке құрылыстары мен құрылғылары

1 Осы тарауда жобалау құны келтірілген:

- молдар, толқын бұрғыштар, жағалау бекіту құрылыстары;
- шептік рельстік жолдар астындағы қайта тиеу жабдығы;
- теңіз кіреберіс арналары және акваториялардың түбін тереңдету;
- жармалы айырым белгілері;
- арнайы электртехникалық қондырғылар және құрылғылар.

1705-0203-01-кесте –Молдар, толқын бұрғыштар, жағалау бекіту құрылыстары, тазартылған ағындарды шығарғыштар

| позиция № | Жобалау объектісінің атауы | Объектінің негізгі көрсеткіші | Баға параметрлері а, мың теңге | Баға параметрлері b, мың теңге | K1 | K2 |
|-----------|---|-------------------------------|--------------------------------|--------------------------------|-----|-----|
| 1 | Металл шпунттан жасалған екі қатарлы маңдайша типіндегі мол және толқын бұрғыш, биіктігі 15-тен бастап 30 м дейін | м құрылыс биіктігі | 7 656 | 156 | 0,4 | 1,2 |
| 2 | Ірі массивтерден жасалған мол және толқын бұрғыш, биіктігі 15-тен бастап 30 м дейін | м құрылыс биіктігі | 9 085 | 104 | 0,4 | 1,2 |
| 3 | Дұрыс массивтік қаламадан жасалған мол және толқын бұрғыш, биіктігі 8-ден бастап 20 м дейін | м құрылыс биіктігі | 7 844 | 52 | 0,4 | 1,2 |
| 4 | Массивтік қаламадан жасалған мол және толқын бұрғыш, биіктігі 15-тен бастап 30 м дейін | м құрылыс биіктігі | 8 240 | 83 | 0,4 | 1,2 |
| 5 | Тас үйіндісінен жасалған мол және толқын бұрғыш, биіктігі 8-ден бастап 30 м дейін | м құрылыс биіктігі | 7 927 | 104 | 0,4 | 1,2 |

1705-0203-01-кестенің соңы

| позиция № | Жобалау объектісінің атауы | Объектінің негізгі көрсеткіші | Баға параметрлері а, мың теңге | Баға параметрлері b, мың теңге | К1 | К2 |
|--|---|-------------------------------|--------------------------------|--------------------------------|------|------|
| 6 | Металл құбырлардан жасалған мол, биіктігі 20-дан бастап 30 м дейін | м құрылыс биіктігі | 6 373 | 261 | 0,4 | 1,2 |
| 7 | Еңістік (жартылай еңістік) типтегі жағалау бекіту құрылысы, ұзындығы 100-ден бастап 300 м дейін | пм жағалау бекіту ұзындығы | 772 | 5,23 | 0,3 | 1,12 |
| 8 | Тік типтегі жағалау бекіту құрылысы, ұзындығы 100-ден бастап 300 м дейін | пм жағалау бекіту ұзындығы | 887 | 6,23 | 0,3 | 1,12 |
| 9 | Ашық рейдте эрозиядан (жағалау бекіту, үйінділерді шоғырландыру құрылғысы бойынша) жағалаудан қорғау бойынша құрылыс (құрылғысы), ұзындығы 100-ден бастап 300 м дейін | пм құрылыс ұзындығы | 7 760 | 44 | 0,25 | 1,1 |
| 10 | Тазартылған ағындарды шығару (массивтермен жүктеумен сейілтуге арналған құрылғымен), тереңдігі 12-ден бастап 43 м дейін | м шығару тереңдігі | 6 415 | 160 | 0,25 | 1,1 |
| <p>Ескертпелер:</p> <p>1 Кестенің 1 – 6-поз. бағаларында навигациялық мән-жайды және олардың құрылыстарын (бағананың діңгекті ғимараттары, жармалы белгілер және т.б.) жобалау құны ескерілмеген.</p> <p>2 Молдың (толқын бұрғыш) биіктігі үшін құрылстың негізгі бөлігінің сыртқы жағынан жақтаудың үсті және түбі белгілерінің абсолюттік мәндерінің жиынтығына тең шама қабылданады.</p> <p>3 1 – 6-поз. бағаларында молдың басын және 1 м астам негізгіден ерекшеленетін биіктікпен учаскелерді жобалау құны ескерілген.</p> <p>Конструкциялардың принциптік әртүрлі типтерімен молдарды жобалау құны гидротехникалық бөлімді жеке анықталады.</p> | | | | | | |

1705-0203-02-кесте –Қайта тиеу жабдығының тылдағы рельстік жолдары

| позиция № | Жобалау объектісінің атауы | Объектінің негізгі көрсеткіші | Баға параметрлері а, мың теңге | Баға параметрлері б, мың теңге | К1 | К2 |
|-----------|---|-------------------------------|--------------------------------|--------------------------------|-----|------|
| | Қайта тиеу жабдығы қондырғысымен тылдағы рельстік жол, ұзындығы 100-ден бастап 300 м дейін: | - | - | - | - | - |
| 1 | шпал-балласттық негізде | пм жол ұзындығы | 730 | 4,23 | 0,3 | 1,14 |
| 2 | темірбетон арқалықтарда | пм жол ұзындығы | 897 | 5,23 | 0,3 | 1,14 |
| 3 | қада негізіндегі | пм жол ұзындығы | 1 408 | 8,34 | 0,3 | 1,14 |

1705-0203-03 -кесте –Теңіз кірме арналары және акваториялардың түбін тереңдету

| позиция № | Жобалау объектісінің атауы | Объектінің негізгі көрсеткіші | Баға параметрлері а, мың теңге | Баға параметрлері б, мың теңге | К1 | К2 |
|-----------|--|-------------------------------|--------------------------------|--------------------------------|-----|-----|
| 1 | Теңіз кірме арнасы, тереңдігі 9 дейін, ұзындығы 3-тен бастап 25 км дейін | км | 2 555 | 250 | 0,4 | 1,2 |
| 2 | Акватория түбін тереңдету, тереңдігі 9 м дейін, ауданы 10-нан бастап 36 га дейін | га | 3 525 | 73 | 0,4 | 1,2 |

Ескертпелер:

1 Терендігі 9 м астам теңіз кіреберіс арналарын және акваторияларды жобалау құны арттыру терендігінің әрбір метріне арналар үшін 3 %-ға және акваториялар үшін 1,5 %-ға арттырумен осы кестенің бағалары бойынша анықталады.

2 Кестенің бағаларында навигациялық жабдықтың тек қана жүзбе құралдарын орналастыруды жобалау құны ескерілген. Жармалы және айырым белгілері қондырғысын жобалау құны 1705-0203-04-кестенің бағалары бойынша қосымша ескеріледі.

1705-0203-04-кесте –Жармалы айырым белгілері

| позиция № | Жобалау объектісінің атауы | Объектінің негізгі көрсеткіші | Баға параметрлері а, мың теңге | Баға параметрлері б, мың теңге | K1 | K2 |
|-----------|--|-------------------------------|--------------------------------|--------------------------------|-----|-----|
| 1 | Жармалы және айырым белгілері қондырғысы, биіктігі 5-тен бастап 27 м дейін табиғи негізде | м белгі биіктігі | 1 335 | 26 | 0,3 | 1,1 |
| 2 | Жармалы және айырым белгілері қондырғысы, биіктігі 5-тен бастап 27 м дейін жасанды негізде | м белгі биіктігі | 2 503 | 49 | 0,3 | 1,1 |

Ескертпе – Кестенің бағаларында мыналардың құны ескерілмеген:

—жармалы белгілердің гидрографиялық есептері;

– негіздің арнайы типтерін жобалау (түсіру құдықтары, кессондар және т.б.).

1705-0203-05-кесте –Арнайы электртехникалық қондырғылар және құрылғылар
